

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXV сессиясының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 210 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 мамырда N 1038 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 224 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.04.2018 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің, сондай-ақ "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II, "Мүгедектерді әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу" сұрақтары нормативті түрде "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 заңдарының нормативтік ережелеріне, сондай-ақ "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігі белгіленсін .

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты:

1) осы шешімді Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі Н. Мұліковаға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ю. Ильинге (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*V сайланған Алматы қаласы*

*мәслихатының кезектен тыс*

*XXV сессиясының төрағасы*

*С. Козлов*

*V сайланған Алматы қаласы*

*мәслихатының хатшысы*

*T. Мұқашев*

Келісілді:

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ю. Ильин

Алматы қалалық Жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар

басқармасының басшысы Е. Әлиқұлов

Алматы қаласы әкімі апараты

заң бөлімінің басшысы А. Қасымова

Алматы қаласы

мәслихатының 2014 жылғы

15 сәуірдегі № 210 шешіміне

қосымша

## **Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігі мен мөлшері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Алматы қаласы мәслихатының 15.11.2016 № 53; 30.11.2017 № 177 шешімдерімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№ р/ с	Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің атауы	Әлеуметтік көмектің еселігі	Алушылардың жекелеген санаттары	Әлеуметтік көмектің мөлшері (тенге)
1.	Ұлы Отан Соғысының Женіс күні	Бір жолғы	Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектері	150,0 мың
			Мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 сәуірдегі № 2247 Заңының 6, 8-баптарымен белгіленген,	30,0 мың

		женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тенестірілген адамдар		
		Ұлы Отан Соғысында қайтыс болған (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің қайталап некеге тіркелмеген жесірлері	30,0 мың	
		Ауғанстандағы ұрыс қымылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналары және қайталап некеге тіркелмеген әйелдері (күйеулері)	30,0 мың	
2.	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні	Бір жолғы	Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі "Жаппай саяси күтін-сүргіндер құрбандарын актау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар	50,0 мың

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК